ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 19 маусым № 3115-26-00-2/1138 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Е.А.Қалымханов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Маржан Маратқызы Жексенбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қою - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Маржан Маратқызы Жексенбек мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Маржан Маратқызы Жексенбектен "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 60 000 (алпыс мың) теңге тұрақсыздық айыбының және 1 800 (бір мың сегіз жүз) теңге сот шығыны сомасы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Маржан Маратқызы Жексенбектен мемлекет пайдасына 2 162 (екі мың жүз алпыс екі) теңге сот шығыны сомасы өндірілсін.

Заңды күшіне енген күні: 04.08.2026, судья Қалымханов Е. А., 05.08.2026

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Е.А. Қалымханов

Шешім көшірмесі дұрыс

Судья Қалымханов Е.А.

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 19.06.2026

Заңды күшіне енген күні: 04.08.2026, судья Калымханов Е. А., 05.08.2026

Судопроизводство

3115-26-3-1/1299